

БЕКІТЕМІН
«Балдәурен» бөбекжай-балалбақшасының
менгерушісі:  Г.Жанибекова
2021 жыл «...» «...»



«Махаббатпен шығармашылық педагогикасы»

Көңілді ойындар бағдарламасы

Орындаған: Р.Ходжакулова

2021-2022 оқу жылы

Мақсаты: педагогтардың көңіл – күйлерін көтеріп, алға қарай жұмыс істеу үшін шабыттандыру. Коммуникативті қарым – қатынасты жақсарту.

Керекті құрал – жабдықтар: Африка тұрғындарына тән түрлі киімдер, балалардың дауысы басылған үн таспа, желімдер, плакаттар.

Барысы:

1. «Бумба - Юмба» ойыны
2. «Құнды қасиеттерді жинау» жаттығуы
3. «Оның есесіне мен» ойыны
4. Мюнстрберг әдістемесі
5. Кімнің дауысы
6. Африка тұрғындары

«Бумба - Юмба» ойыны арқылы сәлемдесу.

Мақсаты: көңіл-күйді көтеру.

Шарты: қатысушыларға арналған ортада әртүрлі киім үлгілері ілініп тұрады. Қатысушылар ілінген киімдердің ішінен ұнатқанын таңдап киеді. Сол киіммен африкалық тілде сәлемдеседі.

Топ қатысушыларының қайсысы жақсы әрі көңілді көрсетіп сәлемдесе, сол топ жеңіске жетеді.

«Құнды қасиеттерді жинау»

Мақсаты: іштегі қысымды сыртқа шығарып бойларындағы сергектікті ояту.

Шарты: ортада екі топқа арналған екі ватман ілулі тұрады. Сол ватманға құнды қасиеттер жазылған паракшаларды алып «Нұрлы күнді» құрастырып шығуы тиіс. Көп қасиеттерді жапсырып үлгерген топ жеңіске жетеді.

«Оның есесіне мен» ойыны

Мақсаты: тез арада сөздерді тауып тығырықтан шығу жолына бейімдеу.

Шарты: Топтарға аяқталмаған сөйлемдер айтылады. Сөйлемді аяқтаулары қажет.

1 - топқа

- Мен бәліш пісіре алмаймын, оның есесіне
- Мен шаршадым, оның есесіне
- Мен жақсы билей алмаймын, оның есесіне
- Мен көп үндемейтін адаммын, оның есесіне
- Мен көп ұйықтаймын, бірақ оның есесіне
- Мен жұрттың бәріне құрметті бола алмаймын, оның есесіне
- Мен еден жууды ұнатпаймын, оның есесіне
- Мен Үндістанда болған жоқпын, оның есесіне

2 - топқа

- Мен пәлендей батыл емеспін, оның есесіне
- Мен өзім туралы көп ойламаймын, оның есесіне
- Мен тез ашуланғыш адаммын, оның есесіне
- Мен соншалықты сымбатты емеспін, оның есесіне
- Мен тым толықпын, оның есесіне
- Менің аяқтарым ұзын емес, оның есесіне
- Менің кемшіліктерім көп, оның есесіне
- Менің жазуым әдемі емес, оның есесіне

Мюнстерберге әдістемесі.

Шарты: Топ сан ішінен берілген сандарды тауып шығулары қажет.

1 – топқа

«26, 30, 21, 11, 77, 41, 78, 27, 50»

2- топқа

«64, 55, 43, 69, 14, 16, 46, 65, 88»

«Балақайдың дауысы»

Мақсаты: балаларының дауысын каншалықты жадында қалғанын тексеру.

Шарты: балабақшадағы кез – келген баланың дауысы қойлып тыңдатылады. Қатысушылар қай баланың дауысы екендігін ажыратып, қай топтың тәрбиеленушісі екендігін айтуы қажет.

«Африкалық қонақтар»

Шарты: африкалық тілде көрермендермен қоштасуы қажет.
Көрермендер қай топқа көбірек шапалақ ұрса сол топ жеңіске жетеді.